

## Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 қыркүйектегі N 31/5 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қазанда N 8-3-108 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы N 47/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 09.12.2011 N 47/5 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі N 710 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Теміртау қалалық мәслихаттың келесі шешімдері күшін жойды деп т а н ы л с ы н :

1) 2006 жылғы 14 шілдедегі N 31/7 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қызмет көрсету үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-3-24 нөмірмен тіркелген, "Теміртау" газетінің 2006 жылғы 10 тамыздағы N 32, "Зеркало" газетінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 32 жарияланған);

2) 2008 жылғы 2 шілдедегі N 11/7 "Теміртау қалалық мәслихаттың 2006

жылғы 14 шілдедегі 31 сессиясының N 31/7 "Теміртау қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 14 шілдедегі 31 сессиясының N 31/7 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-3-63 нөмірмен тіркелген, "Теміртау" газетінің 2008 жылғы 7 тамыздағы N 32, "Зеркало" газетінің 2008 жылғы 6 тамыздағы N 31 жарияланған) ;

3) 2009 жылғы 3 қыркүйектегі N 20/6 "Теміртау қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 14 шілдедегі 31 сессиясының N 31/7 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-3-86 нөмірмен тіркелген, "Теміртау" газетінің 2009 жылғы 15 қазандағы N 42, "Зеркало" газетінің 2009 жылғы 14 қазандағы N 41 жарияланған).

3. Осы шешім оны ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енеді.

*С е с с и я                      т ө р а ғ а с ы ,*

*мәслихат хатшысы*

*А. Аркатов*

КЕЛІСІЛДІ

*"Теміртау қаласының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
б а с т ы ғ ы  
Ю. Ким*

22 қыркүйек 2010 ж.

Теміртау

қалалық

мәслихаттың

2010

жылғы

14

қыркүйек

N 31/5 шешімімен бекітілген

### **Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "

Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі N 710 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" қаулысына сәйкес дайындалған және Теміртау қаласы мен Ақтау кенті аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін анықтайды.

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді) шешімімен.**

## **1. Жалпы ереже**

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы комиссия – тұрғын үй көмегін тағайындау (тағайындамау) мәселелері бойынша даулы, таласты немесе кикілжің жағдайларды шешу үшін құрылған, уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген комиссия;

2) коммуналдық қызметтер – тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды (соның ішінде қатты отынды пайдалану), қоқысты әкетуді және лифттерді жөндеу қамтитын қызметтер;

3) кондоминиум – үй-жай азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің дара (бөлек) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда, жылжымайтын мүлікке меншіктің нысаны ;

4) кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектісін күтіп-ұстау функцияларын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға жұмсалатын шығыстар – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға жұмсалатын, жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүліктерін күрделі жөндеу жұмыстары – ғимараттың (объектінің) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін өзгертумен байланыспаған, қажет болған жағдайда конструкциялық элементтері

мен инженерлік жабдықтар жүйелерін алмастырып табиғи немесе моральдық тозуды жоятын құрылыстық және ұйымдастырушы-техникалық кешенді шаралары ;

7) отбасы – некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты заңнамада бекітілген тәртіпте бір мекен-жайда бірге тұратын және тіркелген адамдар тобы;

8) отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған кірістердің жалпы сомасы ;

9) өтініш беруші (жеке тұлға) – тұрғын үй көмегін тағайындау үшін жеке өз атынан немесе отбасы атынан өтініш беретін адам (бұдан әрі - өтініш беруші);

10) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін құжаттарды қабылдау бойынша уәкілетті орган – "Қарағанды облысының Халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ХҚКО);

11) уәкілетті орган – "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган);

12) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

13) шот – жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарды төлеуге арналған және тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде қызметті жеткізушімен қағаз немесе электрондық тасымалдағыштарда немесе өтініш берушімен қағаз түрінде ұсынылатын құжат.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді)**  
**ш е ш і м і м е н .**

2. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға): жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (

азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүліктерін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға ;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары ) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға ;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі қызметтерді жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі .

**Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді ) ш е ш і м і м е н .**

3. Тұрғын үй көмегі егер де өтемақылық шаралармен қамтылатын тұрғын үй ауданының нормасы шегінде жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған шығыстар отбасының бюджетінде осы мақсаттарға жұмсалған шекті жол берілетін шығыстар үлесінен асқан жағдайда, алайда жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, сондай-ақ телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне жұмсалған шығыстардың нормативтері нақты тұратын жалпы ауданынан артық болмаған жағдайда, Теміртау қаласы мен Ақтау кентінде тұрақты тұратын, осы тұрғын үйде тіркелген, тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) көрсетіледі.

Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін

ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, сондай-ақ телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне жұмсалған шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысының 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) көмек көрсетуге арналған белгі б о л ы п т а б ы л а д ы .

**Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді) шешімімен.**

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің нормативтерін анықтау**

4. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін келесі тәртіпте көрсетеді:

1) өтемақымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй ауданының нормалары тұрғын үй заңнамасымен бекітілген (18 шаршы метр көп бөлмелі пәтерлерде (үйлерде) тұратын адамдар үшін) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, бір бөлмелі пәтерлерде (тұрғын үйлерде) тұратын азаматтар үшін тұрғын үй ауданының нормасы – тұрғын үйдің жалпы ауданы, көп бөлмелі пәтерлерде (тұрғын үйлерде) тұратын жалғыз басты азаматтар үшін тұрғын үй ауданының нормасы – 30 шаршы метр;

2) коммуналдық қызметті тұтыну нормасы: нақты шығындар бойынша газды тұтыну, бірақ (тұрғын үй көмегін есептеген кезде, екі қабаттан аспайтын тұрғын үй ғимаратының пәтерлеріндегі баллонды г а з е с к е р і л е д і ) :

орталықтандырылған ыстық суы бар, газ плиталарымен жабдықталған үйлерде бір адамға айына 8 килограммнан;

орталықтандырылған ыстық суы жоқ, газ плиталарымен жабдықталған үйлерде бір адамға айына 10 килограммнан аспауы тиіс;

қатты отынды тұтыну қызметтерді жеткізушілердің шоттарын ұсына отырып, нақты шығындар бойынша (түбіртек, жүкқұжат, фактура-шот, анықтама), алайда а с п а у ы т и і с :

7 ай жылу беру мезгілін есептегенде тұрғын үйдің 1 шаршы метр ауданын жылыту үшін – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 161 килограмм көмір, 3-5 қабатта салынған үйлер үшін 98 килограмм көмір (тұрғын үй көмегін есептеу барысында статистика жөніндегі облыстық органдардың мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы Теміртау қаласында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады ) ;

нақты шығындар бойынша бір адамның электр қуатын тұтыну, бірақ:

газ плиталарымен жабдықталған үйлерде айына 80 киловаттан; электр плиталарымен жабдықталған үйлерде айына 100 киловаттан аспауы т и і с ;

3) суық суды, кәрізді, ыстық суды, қоқысты шығару қызметін пайдалану, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналар шығыстарының нормаларын басқару үлгісіне қарамастан (басқарудың заңды үлгісін ресімдеген пәтерлер меншік иелерінің кооперативтері, өзін-өзі басқару комитеттері, үй комитеттері) қызметтерді жеткізуші немесе тарифтерді белгілейтін орган бекіткен тарифтер негізінде белгіленеді.

**Ескерту. 4 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді ) ш е ш і м і м е н .**

5. Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған шығыстарды белгіленген нормадан жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі

6. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілу сомасына Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіпте тұрғын үй көмегі арқылы өтемақы төленуге тиісті.

### **3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібі**

7. Тұрғын үй көмегін уәкілетті орган ұсынады және тұрғылықты мекен-жайы бойынша жеке тұлғаларға тағайындалады.

8. Тұрғын үй көмегі келесі отбасыларға тағайындалмайды:

1) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтері, үйі) бар немесе тұрғын үй-жайларды жалға немесе қосымша жалға беретін;

2) құрамында жұмыс істемейтін, күндізгі бөлімде оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген жұмысқа қабілетті тұлғалар болса, келесілерді есепке алмағанда:

бірінші, екінші, үшінші топ мүгедектерін; бірінші, екінші топ мүгедектеріне, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға және сексен жастан асқан адамдарға күтім жасайтын тұлғаларды; үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын тұлғаларды; 3) жұбайының қайда екенін білмейтін (жасыратын) және осы мәселе

бойынша құқық қорғау органдарына арызданбаған, құрамында заңды некеде  
т ұ р а т ы н т ұ л ғ а л а р ы б а р ;

4) егер ата-аналары некесін бұзып, өзімен бірге тұратын балаларына алименттер төлеуді іздестіру туралы талап бермеген болса.

9. Отбасының жұмыссыз мүшелері орынды себептерсіз ұсынылған жұмыстан және жұмысқа тұрғызудан бас тартқан отбасылар, өз шешімі бойынша қоғамдық жұмыстарға қатысудан, оқуға немесе қайта оқудан бас тартқандар тұрғын үй көмегі тағайындамайды.

10. Жанжалды, таласты немесе кикілжің жағдайлар пайда болған кезде, тұрғын үй көмегін тағайындау мәселесі сот тәртібімен шешілуі мүмкін.

11. Тұрғын үй көмегінің мөлшері жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, нормалар шегінде коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған шығыстар үшін нақты аударылған төлемақы, сондай-ақ телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақының көтерілу айырмашылығы сомасынан артық болмауы тиіс.

12. Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған шығыстардың нақты есептелген сомасы жөніндегі мәліметтерді коммуналдық қызметтерді жеткізуші (электрондық тасымалдағышта немесе қағаз түрінде) және (немесе) жеке тұлға (қағаз түрінде) ұсынады.

13. Уәкілетті орган қызметтерді жеткізушілердің, кондоминиум объектілерін басқару органдарының есеп шоттарына тұрғын үй көмегін төлеуді және тұрғын үй көмегін одан әрі алушылардың дербес шоттарына аударуды екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады. Жеке шоттарға тұрғын үй көмегін аудару үшін өтініш беруші келесі құжаттарын ұсынуы тиіс:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) әлеуметтік жеке код беру туралы куәлік.

14. Тұрғын үй көмегінің төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

#### **4. Тұрғын үй көмегін көрсету мерзімдері мен кезенділігі**

15. Тұрғын үй көмегін барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берген айдан бастап уәкілетті орган 1 жыл мерзімге тағайындайды. Отбасының табысы мен



құрамы жөніндегі, сондай-ақ тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған шығыстар жөніндегі мәліметтер уәкілетті органға тоқсан сайын ұсынылады.

Егер өтініш беруші ағымдағы тоқсанның екінші немесе үшінші айында өтініш білдірген болса, тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанның барлық айына тағайындалады (келесіде тоқсан сайын өтініш беретін жағдайда).

16. Тұрғын үй көмегін алушылар тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе мөлшеріне әсер ететін жағдайлар туралы 10 күн ішінде уәкілетті органға х а б а р л а у ғ а т и і с т і .

Тұрғын үй көмегін заңсыз немесе асыра тағайындалуына әкеліп соқтырған жалған мәліметтерді бергені үшін отбасыға (азаматқа) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тағайындалған кезеңде тоқтатылады, ал тұрғын үй көмегі ретінде заңсыз алынған сома өз еркімен қайтарылады, ал одан бас тартқан жағдайда - сот арқылы қайтарылады.

17. Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақыға жұмсалған шығыстардың тарифтері, шекті жол берілетін шығыстар үлесі өзгерген жағдайда тиісті өзгерістер басталған сәттен бастап алдында тағайындалған жәрдемақылар қайта есептеледі.

18. Тұрғын үй көмегіне құқықты анықтаған кезде, отбасының басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен расталған тұлғалар есепке алынбайды.

## **5. Тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш беру және оны есептеу тәртібі**

19. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе ХҚКО өтініш береді (осы Ереженің 1-қосымшасы) және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке басының куәлігі, қоныстану иқтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның кәуілігі) көшірмесі;  
2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі және техникалық паспорты ;

3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

4) өтініш берушінің отбасылық жағдайын растайтын құжаттың көшірмесі (65 жастан жоғары жеке тұратын жалғыздікті тұлғалардан басқа тұлғалардың некеге

тұру немесе некені бұзу туралы куәліктері, қайтыс болу жөніндегі куәлік, N 4 үлгідегі туу туралы анықтамасы);

5) отбасы мүшелерінің табысын және отбасы мүшелерінің айналысатын қызмет түрін растайтын құжаттар (еңбек кітапшасы, еңбек келісім шартының көшірмесі, жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органнан анықтама, оқу (мектептен басқа) немесе қызмет орнынан анықтама, мүгедектігі жөніндегі анықтаманың көшірмесі);

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға жұмсалған шығыстар туралы мәлімет (түбіртек, анықтама, хабарлама);

7) орталықтандырылған жылудың жоқтығы және қатты отынды пайдалануды, қатты отынды пайдалануға арналған шот (түбіртек, жүкқұжат, фактура-шот, анықтама) растайтын мәлімет;

8) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;

9) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

10) коммуналдық қызметтерді тұтыну (орталықтандырылған немесе баллонды газды тұтынған жағдайда – анықтама, түбіртек) шоттары;

11) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шоты немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

12) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқада және көшірмелерде тапсырылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

**Ескерту. 19 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді)**  
**шешімімен.**

20. Тапсырылған құжаттарды қараудың қорытындысы бойынша уәкілетті орган осы Ереженің 3, 4, 5-қосымшаларына сәйкес үлгі бойынша бланктерді толтырады, тұрғын үй көмегін көрсетуге арналған келісім шартты жасайды (осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес) және тұрғын үй көмегін алушының жеке ісін ашады.

Келісім шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй көмегін алушыда сақталады. Аталған келісім шарт тұрғын үй көмегін көрсету үшін негіздеме б о л ы п т а б ы л а д ы .

Келесі тоқсандарда отбасының құрамы мен тұратын тұрғын үйдің жалпы ауданының көлемі өзгерусіз қалса, онда осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес үлгідегі б л а н к т о л т ы р ы л м а й д ы .

21. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген отбасының материалдық-тұрмыстық тұру жағдайын тексеруге құқылы. Тексеру актісі тұрғын үй көмегін алушының жеке ісіне тіркеледі.

22. Берілген ақпараттың растығында күмән туындаған жағдайда уәкілетті орган сұраныс жасауға құқылы, ал заңды және жеке тұлғалар тұрғын үй көмегін алуға үміткер тұлғаның табысы туралы ақпаратты беруге тиіс.

23. Тұрғын үй көмегінің мөлшері телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін нормалар шегінде тұтынуға жұмсалған шығыстарын төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсалған шығыстардың шекті жол берілетін деңгейі арасындағы айырмасы ретінде есептеледі.

## **6. Жиынтық табысты есептеу**

24. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі - жиынтық табыс) тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті о р г а н е с е п т е й д і .

25. Жиынтық табысты есептеген кезде отбасының құрамында бірге тұратын, ортақ шаруашылықты жүргізетін және бір мекен-жайда тіркелген отбасының б а р л ы қ м ү ш е л е р і е с к е р і л е д і .

Есептеу кезеңінде құрамында өзгеріс болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

Тұрғын үй көмегіне өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда құрамында өзгеріс болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде кеткен отбасы мүшесінің т а б ы с ы е с е п к е а л ы н б а й д ы .

26. Жиынтық табысты есептеу кезінде тұрғын үй көмегіне өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда (бұдан әрі - есептеу кезеңі) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған

табыстың барлық түрлері есептеледі.

27. Егер отбасының бір мүшесі табысы есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, онда осы тоқсанда жұмыс істеген уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

28. Бір тоқсаннан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде жиынтық табысқа есептеу кезеңінде алынған табыстың барлық сомасы есептеледі.

29. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

30. Орташа айлық жиынтық табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын 3 айға бөлу арқылы есептеледі.

## **7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде ескерілетін табыс түрлері**

31. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептеу кезеңінде алынған табыстардың барлық түрлері ескеріледі:

- 1) еңбек ақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алименттер түріндегі табыс;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал, құс ұстауды және бағбандықты, бау-бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
- 5) өзге де табыстар.

32. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй көмегі;
- 3) жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақы;
- 4) баланың тууына байланысты берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) Семей ядролық сынақ полигонындағы сынақтар салдарынан зардап шеккендерге біржолғы ақшалай өтемақы;
- 6) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек. Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек басқа мақсаттарға жұмсалған жағдайда, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

7) мерекелік және мерейтойлық күндерге орай жергілікті бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін біржолғы материалдық көмек;

8) осы отбасыда тұрмайтын тұлғаларға отбасының бір мүшесімен төленетін а л и м е н т т е р ;

9) тегін немесе жеңілдікпен протездеу үшін азаматтардың жол ақысын төлеу;

10) протездеу уақыты кезінде азаматтардың күтімі;

11) ем алу үшін елді мекеннен тыс жерлерге азаматтардың жеңілдікпен жол жүру ақысының құны және қалалық қоғамдық көліктерде (таксиден, трамвайдан басқа) жеңілдікпен жол жүру билеттерінің құны;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заттай түрде көрсетілген к ө м е к :

дәрі-дәрмек препараттары;

санаторлы-курорттық емделу;

протезді-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);

мүгедектерге берілетін жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен басқа да о ң а л т у құ р а л д а р ы ;

білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру;

білім беру заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарында тегін көмек көрсету мен тегін тамақтандыру түрінде;

13) ақшалай және заттай түрдегі қайырымдылық көмек;

14) төтенше жағдайлар салдарынан денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасыға көрсетілген көмек;

15) халықтың көші-қоны мәселесі жөніндегі заңнамалық актілерде қарастырылған құралдар оралмандардың:

тұрақты тұратын жеріне дейін келу және мүлкін (оның ішінде малды) тасымалдауға кеткен шығындарын өтеу;

көшіп келген жерінен тұрғын үй алып беруге және біржолғы материалдық ж ә р д е м а қ ы төлеуге;

16) жергілікті бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін ақшалай немесе заттай түрдегі көмек, соның ішінде негізгі азық-түлік өнімдер бағасының артуына байланысты азаматтарға берілетін біржолғы материалдық көмек.

## **8. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар**

33. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде (осы Ереженің 32-тармағында көрсетілгендерден басқа) мынадай түрде алынған табыстар есепке а л ы н а д ы :

1) жұмыс беруші еңбекақы түрінде есептеген сомасы, атап айтқанда:

жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай түрдегі сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемақылар (қаржыландыру көзіне қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысшыларға төленетін ақшалай соманы қосқанда);

демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін берілетін ақшалай өтемақы;

ұйымды таратқан (заңды тұлғаның) немесе жұмыс беруші қызметін тоқтатқанда (жеке тұлғаның), қызметкерлер штатын немесе санын қысқартқан жағдайда жеке еңбек келісім шартын бұзған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мөлшерде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындаған кезеңге төленетін еңбек ақы;

маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің еңбекақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысында есептеледі. Еңбекақы болмаған кезеңде, ол жиынтық табысқа есепке алынбайды;

сақтандыру агенттеріне және брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақылар;

бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақыдан басқа, еңбекақыны есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйымның қаражаты есебінен төленетін басқа да төлем түрлері;

мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілердің ақшалай үлесінен басқа, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім шарт бойынша қызмет өткеріп жатқан және ішкі істер органдарының қатардағы және басшылық ететін құрамдағы адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санатының үстемақылары мен қосымша ақылары ескерілген ақшалай үлесі; жалдау бойынша төленетін еңбекақы;

жұмыс беруші төлеген несиенің сомасы. Аталған төлемдер несиені өтеудің белгіленген мерзіміне үйлестіріледі;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

зейнетақының барлық түрлері, оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте тағайындалатын өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жер асты және ашық тау-кен жұмыстарында, сондай-ақ аса зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне берілетін ай сайынғы мемлекеттік

ж ә р д е м а қ ы л а р ;

он сегіз жасқа дейінгі балаларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік

ж ә р д е м а қ ы л а р ;

үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қ а м т а м а с ы з е т у ;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына т ө л е н е т і н с т и п е н д и я ;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік қамтамасыз ету ж ә р д е м а қ ы с ы ;

басқа адамның көмегіне мұқтаж, жалғыз басты 1, 2 топ мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен тұрақты төленетін басқа да қосымша төлемдер;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес берілетін заттай көмек түрлерінің құны (осы Ереженің 32-тармағының 12) тармақшасында көрсетілгендерден басқа), сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;

осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелермен мен басқа да ұйымдар белгілеген төлемдердің барлық түрлеріне өзге де үстемақылар мен а қ ы л а р .

34. Жиынтық табыстың құрамына еңбек және қызметтік міндеттерді атқару барысында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес, жұмыс беруші төлейтін біржолғы төлемдер мен ай с а й ы н ғ ы с о м а л а р қ о с ы л а д ы .

35. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар, олардың мөлшері туралы анықтамамен расталады.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының бөлімшесімен берілетін анықтамамен расталады.

## **9. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынатын табыстар**

36. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен алынатын табыстар:

- 1) өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан;
- 2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;

3) шаруа қожалығы (ауыл шаруашылығы) қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған; шаруа қожалығы (ауыл шаруашылығы) мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан алынған нақты табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі анықталатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыстар.

37. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын келісім шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш берудің негізінде растайды.

Жекелеген азаматтарда келісім шарт жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы, олардың өтініші негізінде расталады. Бұл ретте еңбекақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қосылады.

38. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың табысы жазбаша өтінішпен расталады.

39. Арнаулы салық режимі жағдайында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, жеңілдетілген декларация негізінде расталады.

Шаруа қожалығы (ауыл шаруашылығы) қызметінің нәтижесінде алынған табыстарды қоса алғанда, ресми түрде расталмаған табыстар әрбір жұмысшыға шаққанда ең төменгі еңбекақыдан төмен болмайтын мөлшерде есепке алынады.

## **10. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін балаларға және басқа да асырауындағыларға алимент түрінде алатын табыстары**

40. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыстың құрамында ескеріледі.

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің еңбекақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомалары, оларды алу уақытына сәйкес жиынтық табыста есепке алынады.

41. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш беру негізінде есептеледі.

42. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жиынтық табыста алимент есепке алынбай есептеледі (сот атқарушысының анықтамасы болған



жағдайда).

43. Жиынтық табыс алименттерді есепке алмай мына жағдайларда есептеледі, егер де төлеуші:

бас бостандығынан айыру мекемесінде немесе уақытша қамауға алу изоляторында болса (сот атқарушысынан немесе түзеу мекемесінен бас бостандығынан айыру мекемесінде немесе уақытша қамауға алу изоляторында болатын мерзімін көрсете отырып, балаларға алименттердің төленбейтіні жөніндегі анықтаманы ұсынған жағдайда);

туберкулездік, психоневрологиялық диспансерде (стационарда), еңбекпен түзеу профилакториясында ем алып жатса немесе тіркеуде тұрған жағдайда (анықтама ұсынған жағдайда);

Қазақстан Республикасының тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге тұрақты тұруға көшіп кеткен жағдайда (анықтама ұсынған жағдайда);

өкілетті органның анықтамасымен расталған спирттік ішімдіктерді, есірткі заттарын пайдалануға байланысты балаларын және басқа да асырауындағыларды күтуден жалтарған жағдайда.

44. Егер де баланың анасы баланың әкесімен некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы соттың шешімі болмаса, онда жиынтық табыс алиментті есепке алмай есептеледі.

45. Егер де ата-ана арасындағы неке бұзылмаса, алайда жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толығымен есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

46. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамалармен немесе пошталық аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш беру негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан асқан мерзім үшін берешек пайда болған жағдайда, сот атқарушысының алимент бойынша берешегін анықтау туралы қаулысы ұсынылады.

## **11. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыстар**

47. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылық (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

48. Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылық (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден

алынған табыс өтініш берушінің жеке қосалқы шаруашылығы және оның көлемі жөніндегі мәліметтер негізінде есептеледі.

49. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган есептейді (осы Ереженің 6, 7, 8-қосымшалары негізінде). Теміртау қаласы мен Ақтау кенті Қарағанды облысының табиғи жағдайлары бойынша қуаңшылық д а л а а й м а ғ ы н а ж а т а д ы .

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аң, ара, құс (тауық, қаз, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жазбаша өтініш беру негізінде жиынтық табысқа қосылады.

50. Бір сотық жерден (бір бастан) өндірілетін өнімнің құны өсірілетін дақылдардың орташа өнімділігін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 килограмм өнімнің орташа бағасына (осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес) көбейту және шығындардың орташа деңгейін к е м і т у а р қ ы л ы а н ы қ т а л а д ы .

51. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары п а й д а л а н ы л а д ы .

Есептік кезеңде малды (құсты) сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағаларға сәйкес біржолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малынан (жылқы, түйе және басқалары) және бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мысалы, қысыр сиыр) түскен табыс есепке алынбай есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта аталған мал бір жылдан астам уақыт ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке а л ы н а д ы .

52. Өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс (осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес) ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағаларға с ә й к е с қ о с ы л а д ы .

53. Үй малы, құсы болған жағдайда, (осы Ереженің 52-тармағында көрсетілгендерден басқа) жиынтық табыс табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу арқылы анықталады. Алынған шама есептеу кезеңіндегі айлардың санына к ө б е й т і л е д і .

54. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысты есептеудің жеке нормативтік карточкасын (осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес) өтініш берушінің деректері негізінде уәкілетті орган толтырады.

## 12. Жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілетін өзге де табыстар

55. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыстар ескеріледі:

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
- 2) құнды қағаздардан (дивидендтер);
- 3) шетел валютасын сатудан;
- 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металлдарды, осылардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металлдары бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындылары мен антиквариатты сатудан;
- 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
- 6) авторлық сыйақы түріндегі;
- 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақшадан;
- 10) ақшалай салымдар бойынша сыйақылар (ынталандыру);
- 11) ақшалай аударымдар;
- 12) салымдар мен борышкерлік құнды қағаздарды қоса есептегенде, байқаулардан, жарыстардан (олимпиадаларда), фестивальдардан, лотереялардан, ұтыс ойындардан алынған заттай және (немесе) ақшалай түрдегі ұтыстар;
- 13) туыстардың және басқа да адамдардың ақшалай және заттай (құны бар түріндегі) көмегін қоса алғанда, өзге де анықталған табыстар. Аталған табыстардың алынған уақыты ескеріледі және олар жазбаша өтінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғарғы және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде стипендия алмай оқитын студенттердің жиынтық табысына өз еркімен мәлімделген табысы есептеледі.

56. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған ресми түрде расталмаған табыстар бір айдағы ең төменгі еңбекақыдан кем болмайтын мөлшерде есепке алынады.

57. Жиынтық табыста алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы есепке алынбайды.

58. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс, оны алған күннен бастап жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатып алған жағдайда,

жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған жылжымайтын мүліктің (көлік құралының) құны арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
1-қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді) шешімімен.

Уәкілетті \_\_\_\_\_ о р г а н ғ а

\_\_\_\_\_ ( е л д і \_\_\_\_\_ м е к е н , \_\_\_\_\_ а у д а н , \_\_\_\_\_ о б л ы с )

\_\_\_\_\_ ( е л д і \_\_\_\_\_ м е к е н , \_\_\_\_\_ а у д а н )  
\_\_\_\_\_ мекен-жайында \_\_\_\_\_ тұратын

\_\_\_\_\_ (көше, үйдің, пәтердің N, телефон N)

\_\_\_\_\_ (Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ жеке куәліктің N \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ куәлік берген мекеме \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ берілген күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ӘЖК N \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ СТН \_\_\_\_\_

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_

## ӨТІНІШ

Менің отбасыма тұрғын үй көмегін тағайындауыңызды сұраймын.

Менің отбасым \_\_\_\_\_ адамнан тұрады.

Өтінішке қоса қажетті құжаттарды ұсындым.

Дербес шоттың N \_\_\_\_\_. Қызметті жеткізушінің атауы \_\_\_\_\_

(кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, жылуға, суық суға, кәрізге, ыстық суға, қоқысты әкетуге, электр қуатына, газға, телефонға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысына, лифттерерді жөндеуге жұмсалған шығындар үшін).

Дербес шоттың N \_\_\_\_\_. Қызметті жеткізушінің атауы \_\_\_\_\_

(кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, жылуға, суық суға, кәрізге, ыстық суға, қоқысты әкетуге, электр қуатына, газға, телефонға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысына, лифттерерді жөндеуге жұмсалған

шығындар \_\_\_\_\_ үшін).

Дербес шоттың N \_\_\_\_\_. Банктің атауы \_\_\_\_\_  
(кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, жылуға, суық суға, кәрізге,  
ыстық суға, қоқысты әкетуге, электр қуатына, газға, телефонға, тұрғын үйді  
пайдаланғаны үшін жалдау ақысына, лифттерерді жөндеуге жұмсалған  
шығындар \_\_\_\_\_ үшін).

Дербес шоттың N \_\_\_\_\_. Кондоминимум объектісін басқару органы \_\_\_\_  
(кондоминимум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, кондоминимум объектісінің  
ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жарнаға, кондоминимум объектісінің  
ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға  
жұмсалған \_\_\_\_\_ шығындар \_\_\_\_\_ үшін).

Мен және менің отбасымның мүшелері, біздің келісіміміздің дәлелі ретінде  
отбасы мүшелерінің жеке және заңды тұлғаларға көрсетуге болатын табыстары  
туралы ақпаратты "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне беруге рұқсат етеміз.

Өзгеріс туындаған жағдайда 10 күннің ішінде хабарлауға міндеттеме беремін.

Теріс мәліметтерді және жалған құжаттарды ұсынғаны үшін жауапқа  
тартылатыным \_\_\_\_\_ жөнінде \_\_\_\_\_ алдын \_\_\_\_\_ ала \_\_\_\_\_ ескертілді.

"\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттардың \_\_\_\_\_ қабылданған \_\_\_\_\_ күні

"\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_

( \_\_\_\_\_ қолы) (құжатты қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.,  
лауазымы)

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
2-қосымша

## **Тұрғын үй көмегін көрсету**

### **КЕЛІСІМ ШАРТЫ**

20 \_\_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ Теміртау қаласы

1. "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесі бір тараптан және екінші тараптан өтініш беруші  
төмендегілер жайлы осы келісім шартты жасады.

2. "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде  
өтініш берілген айдан бастап қолма-қол ақысыз төлем түрінде бір жыл мерзімге  
отбасысы \_\_\_\_\_ адамнан тұратын \_\_\_\_\_

тағайындалады.

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

3. Өтініш беруші тұрғын үй көмегін заңсыз немесе асыра тағайындалуына әкеліп соқтырған жалған мәліметтерді "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бергені үшін, тұрғын үй көмегін тағайындау кезеңінде аталған көмекті алу құқығынан айырылады, ал тұрғын үй көмегі ретінде заңсыз алынған сома өз еркімен қайтарылады, ал одан бас тартқан жағдайда - сот арқылы қайтарылады.

4. Өтініш беруші "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне отбасының табысы және құрамы жөніндегі, сондай-ақ тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалған шығыстар жөніндегі мәліметтерді тоқсан сайын ұ с ы н у ғ а т и і с .

5. Осы келісім шарт тұрғын үй көмегін көрсету үшін негіздеме болып т а б ы л а д ы .

6. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстардың тарифтері, отбасының жиынтық табысының мөлшері мен отбасының құрамы өзгерген жағдайда, тұрғын үй көмегінің сомасы өзгеруі мүмкін.

"Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы \_\_\_\_\_ Өтініш беруші (қолы)

(қолы)

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
3-қосымша

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_

**Отбасы құрамы және тұратын тұрғын үйдің жалпы ауданының көлемі туралы МӘЛІМЕТ**

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

(үйдің мекен-жайы)

Өтініш берушінің отбасылық жағдайы \_\_\_\_\_

Отбасы \_\_ адамнан құрылған. Тұрғын үйдің ауданы \_\_\_\_\_ шаршы метр.

\_\_\_\_\_ жылғы N \_\_\_\_\_

(тұрғын үйге құқық беретін құжаттың атауы)

Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Туылған күні, айы, жылы	Өтініш берушіге туыстық қатынасы

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Маманның қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне

4-қосымша

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_

**20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсандағы өтініш берушінің отбасы мүшелерінің алған табысы туралы**

**МӘЛІМЕТ**

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

т/б N	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Құжатпен расталған табыстардың сомасы		Басқа да мәлімделген табыстар	
		табыс түрі	сомасы, теңге	табыс түрі	сомасы, теңге

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Маманның қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
5-қосымша

**20 \_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсандағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстар туралы  
МӘЛІМЕТ**

Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.12.24 N 34/9 (ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді) шешімімен.

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің Т.А.Ә.)  
\_\_\_\_\_ (үйдің мекен-жайы)  
Әлеуметтік топ  
зейнеткер -  
мүгедек -  
жұмысшы -  
ж ұ м ы с с ы з -  
басқалары -

Тұрғын үйдің жалпы ауданы \_\_\_\_\_ ш.м. Бөлме саны \_\_\_\_\_ Әлеуметтік норма \_\_\_\_\_ ш.м.

Үйдің жалпы сипаттамасы \_\_\_\_\_  
(орталықтандырылған немесе баллонды газ, электр плитасы)

20 \_\_\_ жылғы \_\_\_ тоқсандағы жиынтық табыс \_\_\_\_\_

т/б N	Төлем түрі	_____ (ай) есептелгені	_____ ( а й ) есептелгені	_____ (ай) есептелгені
1	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға жұмсалған шығыстар			
	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалған нысаналы жарна			
	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарна			
2	Жылу беру (орталықтандырылған жылыту, қатты отын)			
3	Суық су			
4	Кәріз			
5	Ыстық су			
6	Қоқыс шығару			
7	Электр энергиясы			
8	Газ			



9	Телефон			
10	Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы			
11	Лифттерді жөндеу			
	БАРЛЫҒЫ:			

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Маманның қолы \_\_\_\_\_

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
6-қосымша

## Қуаңшылық дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысты есептеудің нормативтік карточкасы

### Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	1 сотық жерден алынған орташа өнімділік, кг	1 сотық жерге жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 сотық жерден өндірілген өнімнің құны, теңге (2 т. x 4 т.)	1 сотық жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге(5 т. - 3 т.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			
Арпа	25	188			
Қарақұмық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөніс	80	1245			
Бақша дақылдары	115	518			
Тұқымды бақша (алма, алмұрт және т.б.)	30	583			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, алхоры және т.б.)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

### Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алынған орташа өнімділік, кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, (1 л, он дана жұмыртқа) теңге	1 бастан алынған өнімнің орташа құны, теңге (2 т. x 4 т.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5 т. - 3 т.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1900	21034			

Етті ірі қара мал (ет)	179	16435		
Шошқа (шошқа еті)	110	9107		
Қой, ешкі (еті/жүні)	22/2,5	3042		
Жылқы (жылқы еті)	124	7446		
Түйе (түйе еті)	126	2979		
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)	200 жұмыртқа	728		
Етті құс (құс еті)	2,5	489		

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
7-қосымша

## ӨНІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ҮЙ МАЛЫ МЕН ҚҰСЫНЫҢ ЖАСЫ

Малдың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беретін жағдайға жеткен мал төлінің және құстың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қой мен ешкі	ай	12
Шошқа	ай	10
Жылқы	ай	16
Түйе	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Теміртау қаласы мен Ақтау кенті тұрғындарына  
тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне  
8-қосымша

## Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысты есептеудің ҮЛГІЛІК ЖЕКЕ НОРМАТИВТІК КАРТОЧКАСЫ

Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылық дақылдардың, үй малы мен құсының түрлері	Жер, сотық көлемі, бас саны	Жылдық табыстың нормативі, теңге	Жылдық табыстық барлығы, теңге	Токсандық табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дөнге арналған жүгері				
Күріш				
Қарақұмық				
Картоп				
Көкөніс				

Бақша дақылдары				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Тұқымды бақша				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жидек дақылдары				
Жүзім				
Көп жылдық шөптер				
Бір жылдық шөптер				
Жасыл жемге арналған жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқа				
Қой мен ешкі				
Жылқы				
Түйе				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Барлығы: жылдық табыс	X	X		X
Барлығы: тоқсандық табыс	X	X	X	

20 \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

(Есепті орындаған тұлғаның Т.А.Ә. және қолы) \_\_\_\_\_